

**Оқылым**

**9-сынып**

**1-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.**

**Байлық дегеніміз не?**

Бесінші сыныпта «Байлық дегеніміз не?» атты ашық сабақ жүріп жатты. Оқушылар бір-бірімен әңгімелесіп, өз ойларын айту үшін дайындалып жатыр. Мұғалім үстел бетіндегі қағаздарға қарап, іске кірісті.

Балалар, байлық дегеніміз не?

Бірінші партада отырған Сәбит қолын көтерді.

— Байлық дегеніміз – көп ақша, жаңа машина, — деп ойланып қалды.

— Отыр, Сәбит. Тағы кім жауап береді?

Келесі Алмас қол көтерді.

— Байлыққа қора-қора қой, үйір-үйір жылқы және алты бөлмелі әдемі үй жатады.

Мұғалім бұл жауаптарға көңілі толмағанын білдірді.

— Қане, кім қалай жауап береді? Иә, Сайлаубек, сен айта қойшы!

— Байлық дегеніміз-кітап, білім,- деп жауап айтты.

— Жарайды, отыра ғой. Жақсы жауап.

Біраз уақыттан бері қол көтеріп отырған Сәулеге де сөз берілді.

— Біздің үйде түрлі-түсті теледидар, бейнемагнитофон және жаңа үй жиһаздары көп. Байлық дегеніміз осы.

— Жақсы, отыра бер.

Бұдан кейін Серік, Нұрболат, Құралай есімді оқушылар үйдегі байлықтарын ортаға салды. Оқушылардың берген жауаптары мұғалім көңілінен шықпады.

Бір кезде оның көзі артқы партада үндемей, өзімен-өзі отырған Аманжолға түсті.

— Аманжол, сен неге үндемей отырсың? Қане, байлық дегеніміз не? Айта қойшы.

— Апай, мен бай емеспін. Мен үшін ең үлкен байлық – әкем мен анам, — деп жауап берді.

Мұғалімге оқушының жауабы қатты ұнады.

— Көрдіндер ме, балалар, байлық дегеніміз тек ақша емес) Сендердің ең бірінші байлықтарың – Аманжол айтқандай, ата-аналарың мен бауырларың, туысқандарың. Сондықтан әрқашан отбасыларың аман болсын. Міне, байлық деген – осы.

Бұл жауаптан кейін ешкім қол көтермеді. Оқушылар ойланып қалды.

**Мәтін бойынша тест тапсырмалары:**

**1. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.**

А) Бірінші байлық дегеніміз не?

В) Отбасы тәрбиесі қандай?

С) Қалай бай болуға болады?

Д) Ашық сабақ қайда өтті?

**2. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.**

А) Сайлаубек байлықты кітап оқу деп түсінеді.

В) Балалардың байлық туралы түсініктері бірдей.

С) Сәуле байлықты теледидар көру деп түсінеді.

Д) Балалардың байлық туралы түсініктері жоқ болып шықты.

**3. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.**

А) байлық, кітап, білім, жиһаз

В) мұғалім, ашық сабақ, оқушы, байлық

- С) отбасы, байлық, теледидар, көзқарас
  - Д) байлық, ата-ана, ашық сабақ, бейнемагнитофон
- 4. Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.**

*Байлық туралы Аманжолдың ойы қандай?*

- А) Адамға керегі – жиһаз, ақша..
- В) Байлық дегеніміз – кітап, білім.
- С) Өмірде ең басты байлық – әке-шеше.
- Д) Адам үшін бірінші байлық – алты бөлмелі үй.

**5. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.**

- А) Аманжолдың ата-анасы.
- В) Отбасы басты байлық болып саналады.
- С) Байлық-денсаулық кепілі бола алады.
- Д) Мектепте ашық сабақ өткен.

**2-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.**

### Құмырсқа

Бір құмырсқа өз илеуінен бөлініп, ара, қоңызбен дос болыпты. Жем іздеп шыққан құмырсқа жол үстінен бір дән тауып алыпты. Жалғыз өзі әрі-бері әуреленіп, қозғалта алмапты. Енді көмек сұрау үшін достарын іздейді. Гүлден гүлге ұшып-қонып жүрген араға жолығып: - Досым, маған көмектесіп жіберші, - деп өтініпті. - Көрмей тұрсың ба, мен де жұмыс істеп жатырмын ғой! – деп көнбепті ара. Енді құмырсқа қоңыздан көмек сұрапты: - Сен үшін өз жұмысымды тастай алмаймын! – деп, қоңыз да кете барады. Екі досынан көмек болмаған құмырсқа ренжіп келе жатса, алдынан өзінің ұялас достары кездесіпті. Олар мұның түрін көріп: Не істеп жүрсің? – деп сұрапты. Құмырсқа өз басынан кешкенін айтады. Достары көмектеседі де, дәнді бірігіп көтеріп алып кетеді. Құмырсқа қайта үйіріне қосылады. «Жаңа достың қадірі ескі достай бола алмас» деген сөз содан қалыпты.

**Мәтінге байланысты тест тапсырмалары:**

**6. Құмырсқа қандай қателік жасады?**

- а) достарын сатып кетті
- ә) ескі достарымен бірге болды
- б) үйінен алысқа кетіп қалды
- в) жазда дән жинамады

**7. Мәтінде қандай антонимдер бар?**

- а) қоңыз, ара
- ә) жаңа, ескі
- б) көмек, жұмыс
- в) сұрау, айту

**8. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.**

- а) Нағыз дос дұшпан болмас
- ә) Өмірдің өзі — ұлы ұстаз.
- б) Күлме досыңа, келер басыңа.
- в) Заттың жаңасы жақсы, достың ескісі жақсы.

**9. Нағыз дос қандай сөздерді айтпайды?**

- а) Бірге көтерген жүк жеңіл.
- ә) Сен үшін өз жұмысымды тастай алмаймын!
- б) Бір–бірімізге көмектеспесек, қалайша дос боламыз?
- в) Жолдасын тастаған жолда қалар.

**10. «құмырсқа» сөзін қай топқа қосуға болады?**

- а) құстар
- ә) балықтар
- б) жәндіктер
- в) аңдар

**3-тапсырма. Тапсырма. Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.**

	Г
11	
12	
13	
14	
15	

**Түлкі мен қырғауыл**

**А) Қырғауыл:**

- Жақсы, өзің қалай тұрасың? – дейді.

Түлкі:

- Жерге түсіп, сөйлесші, бір құлағым естімейді, – дейді.

**Ә) Қырғауыл:**

- Жақсы хабарыңыз бар екен, рахмет, достым! Мына жақтан бір иттер келе жатыр, оларға да хабарыңызды айтыңыз, естісін, – дейді.

**Б) Қырғауыл:**

- Жерге түсуге қорқамын, жерде әр түрлі аңдар бар, бізді жеп қоюы мүмкін, – дейді.

Түлкі:

- Әй, достым, қазір заман бұрынғы заман емес, жаңа ғана келдім, бұйрық шығыпты, барлық аңдар дос болсын, қой мен қасқыр бірге жүрсін, түлкі мен тауық бірге жүрсін деген, – дейді.

**В) Қырғауыл:**

- Қайда барасың, түлкім, бұйрықты ұмытып кеттің бе? – дейді.

Түлкі:

- Кім біледі, мүмкін, олар бұйрықты естімеген шығар, – дейді.

**Г) Бір түлкі қалың ағашты аралап келе жатып, ағаштың басында отырған қырғауылды көреді де, жақындап келіп:**

- Сәлеметсіз бе, қырғауылым, халің қалай? – дейді.

**Ғ) Ит деген сөзді естіген соң, түлкі алды-артына қарамастан қаша жөнеледі.**

**16. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.**

а) *Ит деген сөз, кім біледі, жерде әр түрлі аңдар бар*

ә) *Жақсы хабар, біреуге біреу зорлық қылмасқа, бұйрықты ұмытып кетті*

б) *Қырғауылды көреді, бұрынғы заман емес, иттер келе жатыр*

в) *Бізді жеп қоюы мүмкін, бір құлағым естімеуші еді*

**17. Мәтін не туралы?**

а) батырлық

ә) білімділік

б) қулық

в) жылдамдық

**18. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.**

а) Өтірікші алдымен өзін алдар.

ә) Өтірікші мен өсекші егіз.

б) Шын – бір сөз, өтірік – мың сөз.

в) Шындық жоқ жерде сұмдық көп.

**19. Түлкінің өтірігі қай сөзінен білініп қалды?**

а) *«Әй, достым, қазір заман бұрынғы заман емес»*

ә) *«Сәлеметсіз бе, қырғауылым, халің қалай?»*

б) *«Кім біледі, бұйрықты олар естімеген шығар»*

в) *«Жаңа ғана келдім, бұйрық шығыпты»*

**20. Қырғауылдың ақылдылығы қай сөздерінен көрінеді?**

а) *«Жақсы хабарыңыз бар екен, рахмет, достым».*

ә) *Мына жақтан бір иттер келе жатыр, оларға да хабарыңызды айтыңыз, естісін.*

б) *«Жақсы, өзің қалай тұрасың?»*

в) *«Жерде әр түрлі аңдар бар».*